

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын бекіту туралы" 2011 жылғы 31 наурыздағы № 316 және "Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдардың ұтқырлығын арттыруға жәрдемдесу және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидасын бекіту туралы" 2011 жылғы 18 шілдедегі № 817 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 желтоқсандағы № 1621 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 шілдедегі № 592 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.07.2015 № 592 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.06.2013 № 636 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз).**

2) «Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдардың ұтқырлығын арттыруға жәрдемдесу және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 шілдедегі № 817 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдардың ұтқырлығын арттыруға жәрдемдесу және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидасында:

3-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Экономикалық әлеуеті төмен және жоғары елді мекендерді және экономикалық өсу орталықтарын айқындау өлшемдерін экономикалық даму және сауда мәселелері жөніндегі уәкілетті орган әзірлеп, бекітетін болады.

Республикалық маңызы бар қаладан, астанадан және Қарағанды қаласынан басқа, жергілікті атқарушы органдар белгіленген өлшемдер негізінде облыстағы экономикалық әлеуеті төмен және жоғары елді мекендердің және экономикалық өсу орталықтарының тізбесін айқындайды және оны экономикалық даму және сауда мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен келіседі.

Экономикалық әлеуеті төмен және жоғары елді мекендердің және

экономикалық өсу орталықтарының тізбесін Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын іске асыру жөніндегі ведомствоаралық комиссия бекітеді.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Бағдарламаға қатысу үшін экономикалық әлеуеті төмен елді мекенде, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалада, астанада және Қарағанды қаласында тұратын, өз бетінше жұмыспен айналысушылардың, жұмыссыздар мен табысы аз адамдардың қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматы халықты жұмыспен қамту орталықтарына осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.»;

14-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағдарламаға қатысуға өтініш берушілердің құжаттарын қарау қорытындысы бойынша өңірлік комиссиялар бір ауданнан басқа ауданға, республикалық маңызы бар қаланың, астананың және Қарағанды қаласының шегінде көшетін азаматтарға қатысты, ал аудандық/қалалық комиссиялар - бір ауданның шегінде көшетін азаматтарға қатысты Бағдарламаға қатысушылар құрамына енгізу (енгізуден бас тарту) туралы ұсыным дайындайды.»;

15-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) қоныс аударуды ұйымдастыру кезінде:

соңғы үш жылда бекітілген тізбеге сәйкес экономикалық әлеуеті төмен елді мекенде, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалада, астанада және Қарағанды қаласында тұруы жеке тұрғын үйі болмағандықтан, тиісті әкімдікте есепте тұруы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен авариялық жағдайда деп танылған тұрғын үйде тұруы;

кәсіптік даярлығының өңірлік немесе ҮИИДМБ шеңберінде іске асырылатын инвестициялық жобалардың бейініне, сондай-ақ өңір, республикалық маңызы бар қала, астана және Қарағанды қаласы кәсіпорындарының еңбек ресурстарына деген қажеттілігіне сәйкес келуі;

айлық жиынтық кірісі бірге тұратын отбасы мүшелерінің әрқайсысына шаққанда өтініш берген тоқсаннан алдыңғы тоқсандағы ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінен аспауға тиіс.

Бұл ретте облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бөлінісінде статистика жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын ең төмен күнкөріс деңгейінің мөлшері қолданылады.»;

28-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Еңбек қызметін вахталық әдіс бойынша жүзеге асыратын, сондай-ақ республикалық маңызы бар қаланың, астананың және Қарағанды қаласының шегінде тұратын және қызметтік тұрғын үй алған Бағдарламаға қатысушыларға көшуге берілетін субсидия тағайындалмайды.»;

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«34. Республикалық маңызы бар қалада, астанада және Қарағанды қаласында қызметтік тұрғын үй беру қаланың шегінде тұратын Бағдарламаға қатысушылар ү ш і н ғ а н а кө з д е л е д і . » ;

«Азаматтардың Бағдарламаның үшінші бағытына қатысу тәртібі» деген 2-бөлімнің «Бағдарламаға қатысушыларды мемлекеттік қолдау шараларын қаржыландыру» деген 3-кіші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

«51. Қызметтік тұрғын үй құрылысы және (немесе) оны сатып алу, Бағдарламаға қатысушыларға көшу, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға субсидия беру үшін облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне нысаналы трансферттер бөлінеді.

Нысаналы трансферттерді уақтылы аудару, бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуына және түпкілікті нәтижесіне мониторинг жүргізу үшін:

1) Бағдарлама операторы мен облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері арасында Бағдарламаға қатысушылардың қоныс аудару шы ғы н д а р ы н ө т е у б ө л і г і н д е ;

2) құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі уәкілетті орган мен облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері арасында қызметтік тұрғын үй салу және (немесе) сатып алу, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және (немесе) сатып алу бөлігінде нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімдер ж а с а л а д ы .

52. Бағдарлама операторы мен құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі уәкілетті орган бюджет заңнамасына сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тиісті республикалық бюджеттік бағдарламалар бойынша нысаналы трансферттерді а у д а р а д ы .

53. Қызметтік тұрғын үйді салуға және (немесе) оны сатып алуға, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) сатып алуға арналған нысаналы трансферттер объектілер бойынша бөлінбей, бір сомамен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының б ю д ж е т т е р і н е а у д а р ы л а д ы .

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары тиісті шешімдер қабылданғаннан кейін екі апта мерзімде іске асырылуына қаражат көзделген объектілер бөлінісінде жергілікті инвестициялық жобалар туралы жиынтық ақпаратты бюджетті атқару жөніндегі және құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі уәкілетті о р г а н д а р ғ а жібереді.

54. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне Келісімде бекітілген нысан бойынша Бағдарлама операторына - экономикалық әлеуеті жоғары елді мекендерге және экономикалық өсу орталықтарына көшіп келген, оның ішінде субсидия алған, тұрғын үй алған, жұмысқа орналастырылған (жұмыспен қамту түрлері бөлінісінде), оқуға жіберілген және жеке ісін ұйымдастырған бағдарламаға қатысушылардың саны туралы;

2) жартыжылдық қорытындысы бойынша жылына екі рет құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі орталық уәкілетті органға - сатып алынған және пайдалануға енгізілген қызметтік тұрғын үйлердің саны туралы е с е п б е р е д і . » .

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.06.2013 № 636 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз).

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов